

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы
Тел.:8 (7172) 78-69-81, факс:8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра 19, блок «А»
Тел.:8 (7172) 78-69-81, факс:8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Ж. Амантайға
Н.К. Әшімбетовке
Д.Н. Тұрғановқа
Н.Г. Арсютинге
А.Б. Сағындықоваға
И.Е. Сұңқарға**

2023 жылғы 15 маусымдағы № ДС-228 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Ақсу қаласындағы қалалық жылыту қазандығы» нысанын іске қосу мәселесі бойынша мынаны хабарлайды.

Осы жобаның тапсырыс берушісі және іске асырушысы «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ атынан Ақсу қаласының әкімдігі болып табылады.

Өз кезегінде Министрлік республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде Жобаны іске асыруға 5,9 млрд. теңге, оның ішінде іске қосу-баптау жұмыстарына 205,0 млн. теңге бөлді.

Жоба бойынша «Мемсараптама» РМК ескертулеріне және одан кейінгі бірнеше рет түзетулерге байланысты сметалық құнды жергілікті бюджет қаражатынан жабуға жататын 12 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға жол берілді.

Жаңа жылыту қазандығында іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу барысында қазандықтың оттығына көмір құю жұмысында ұсақ фракцияны алып кету және жанбау сияқты бірқатар бұзушылықтар анықталды. Нәтижесінде ұсақ фракцияның қалдықтары күл шығару арналарында бітеліп қалды.

Осы мәселені шешу шеңберінде мердігер ұйымдар жобалау құжаттамасында көзделмеген ұсақтау қондырғыларын монтаждады.

Осыған байланысты тапсырыс беруші мердігер ұйымдардың атына анықталған ескертулерді жою және жобалық құжаттамаға сәйкес келтіру қажеттігі туралы хаттар жолдады. Жойылмаған жағдайда мәселе қолданыстағы заңнама шеңберінде шешілетіні ескертілген.

Ағымдағы жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде депутат Д.Н. Тұрғановтың төрағалығымен «Ақсу қаласының қалалық жылыту қазандығы» объектісін іске қосу-баптау жұмыстары мәселесі жөніндегі кеңестің қорытындысы бойынша Министрлікке Ақсу қаласында іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу және қазандықты іске қосу мәселелерін қарау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру тапсырылған болатын.

Бұл ретте ағымдағы жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері комитетінің төрағасы Е.Т. Жаңбыршин өткізген кеңестің қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы орган мердігер ұйымдармен бірлесіп қазандықты пайдалануға беру бойынша жұмысты аяқтау туралы тапсырма берілді.

Баяндалғанның негізінде, Жоба бойынша жасалған шарттар шеңберінде Тапсырыс беруші мен қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдар бар екенін, сондай-ақ жоба бойынша қаражатты толық көлемде бөлінгенін ескере отырып, жоғарыда аталған Тараптардың, оның ішінде жергілікті деңгейде ведомствоаралық комиссия құру арқылы барлық қажетті шараларды қабылдау орынды деп саналады.

Павлодар облысының және Ақсу қаласының әкімдіктеріне жасалған шарттар негізінде Жоба бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен бірлесіп, барлық қажетті шараларды, оның ішінде жергілікті деңгейде аталған ведомствоаралық комиссия құру арқылы қабылдау қажет екендігі тапсырылды.

**Құрметпен,
министр**

А. Сәтқалиев